

№3 Қарауылкелді орта мектебі

6-сынып

Қазақ әдебиеті

Бердібек Соқпақбаев

“Менің атым- Қожа”

Интеллектуальды топтық жарыс
Жұбанова Кенжегүл Бақыт қызы

Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларға жазушы өмірі, әлемге танылған әйгілі шығармасы туралы білім беру, толықтыру;
2. Оқушылардың ой-өрісін, қызығушылығын ояту, сөйлеу мәдениетін қалыптастыру;
3. Оқушыларды тәртіптілікке, адамгершілікке тәрбиелеу;

Бердібек Соқпақбаев



“... Алыстан арбалап материал тасымаймын, архивтің шаңын жұтпаймын. Жақыннан өз басымнан кешкенді, өзім байқап-түйгендерімді, өз айналамды дорбалап жинаймын .

Бір сөзбен айтсам: өзін жазатын жазушымын. Мінез-құлық жағынан Қожа өзге емес, менің өзіме ұқсайды.”

Сабақтың жоспары:

Қызығушылықты ояту:

1. Проблемалық сұрақтар

Мағынаны ажырату:

Таныстыру.

Топтастыру

Ролдегі оқушылар:

Топтың өз көрінісін сахналауы

2. Сауаттылық хаты:

РАФТ

3. Қай топ ұғымтал?

9 жұмбақ

4. Менің білетінім

Кино кейіпкелері

Ой-толғаныс:

5. Сэнкуэн әдісі:

5 жолды өлең

Үйге тапсырма:

“Бақытты шақ-балалық”

6. Бағалау; Рефлексия

1924 жылы
Алматы облысы

1992 жылы

“Балауса” 1950 жылы



1963 жылы “Менің атым Қожа”

“Балалық шаққа саяхат”

“Өлгендер қайтып
келмейді”

“Қайдасың, Гауһар?”

“Аяжан”

“Жекпе-жек”

“16 жасар чемпион”

“Алыстағы ауылда”

■ 'Бердібек Соқпақбаев' — қазақ балалар жазушысы. Бердібек Соқпақбаев 1924 жылы Алматы облысы Нарынқол ауданы Қостөбе ауылында дүниеге келді.

■ Ата-анасынан ерте айрылған ол кісілердің қолында жүрген. Балалық шағындағы басынан өткен қиындықтар мен жоқшылық жайлы «Балалық шаққа саяхат» кітабында бейнеленген. 1950 жылы «Бұлақ» атты тұңғыш жинағы шықты. Балаларға арнап «Менің атым Қожа», «Аяжан», «Гауһар» т.б. повестер, «Кездесу», «Бозтөбе» поэмаларын жазған. «Қазақфильм» студиясында «Менің атым Қожа» повесі бойынша фильм түсірілді.

■ Абай атындағы Қазақ педагогтық институтының филология факультетін бітірген. Бірнеше жыл ауылда мұғалім болып еңбек етті. «Қазақфильм» киностудиясында редактор болып, «Қазақ әдебиеті», «Балдырған» басылымдарында қызмет етті. Кейін Қазақстан жазушылар одағында балалар әдебиеті бойынша әдеби консультант қызметін атқарды.

■ «Чемпион» повесі (1951)

■ «Алыстағы ауылда» повесі (1953)

■ «Менің атым Қожа» повесі (1957)

■ «Балалық шаққа саяхат» повесі (1960)

■ «Өлгендер қайтып келмейді» романы (1967 — 1 т., 1974 — 2 т.)

■ «Қайдасың, Гауһар?» (1966)

■ Оның сценаріі бойынша 1967 жылы қойылған «Менің атым Қожа» фильмі Францияның Канн қаласында жасөспірімдерге арналған халықаралық кинофестивалінің жүлдесіне ие болды.



■ Бәшен әжелері мен Самал апайларының қызықты әңгімелерінен кейін балалар ықыластанан қолтаңба алуға ден қойды.





Ролдегі оқушылар:

1-топ: ”Лагерьге жолдама”

2-топ: “Дәулетпен танысу”

3-топ: ”Педсоветте”

4-топ: “Құпия кеңес”

РАФТ

Роль- Қожа

Аудитория- Класс

Форма- ішкі ой

Тақырып- 1-топ: Жантас;

2-топ: Сұлтан;

3-топ: Майқанова апай;

4-топ: Миллат ана;

30

30

30

40

40

40

50

50

50



Бұл қай сәт?

“Төбемнен жай түскендей болды. Не істерімді білмеген қалпымда орнымнан сүйретіліп түрегеле бердім.

Маңдайымнан бұрқ етіп суық терім шығып кетті. Ох, шіркін, ай!”



Бұл қай сәт?

“Есікті аша бергенімде, тынысым мүлде бітіп, жүрегімнің соғуы тоқтап қалғандай болды. Сол кездегі келбетім көлденең көзге тірі аруақ тәрізді қыбырлаған бірдеңеге ұқсар деймін.”



Бұл қай сәт?

“Маңдайдан буым бұрқырап, есік алдына шықтым. Сәйбек көрінбейді. Омырауымды ағытып, желпініп, ойланып тұрмын. Не деп шешер екен? Мектептен шынымен-ақ шығара ма?”



Бұл кім?

“ Біреуді біреуге атыстырып, от тастап жүретін қу, сабақ үстінде сыбырлап-сыпсыңдағыш.”



Бұл кім?

“Мен сенің әкеңе қарыздыгер адаммын. Менің мойнымда оның тиыны емес, бақандай бір қарасы жүр.”



Бұл кім?

“ Галифе шалбар киген жіңішке аяқтары сидиып, шашы қақ жарыла желбіреп, қаздиып тұр.”



Бұл кім?

“Шыбыным, әйтеуір ешкімге тимей, ұрынбай, жайыңа жүр. Сенің тентектігіңді менен басқа ешкім де көтермейді. Біреудің ала жібін аттаушы болма.”



Бұл кім?

“ Жаңа оқытушы бізді оқу жылының басталуымен құттықтады, өзін таныстырды:...”



Бұл кім?

“Сен оқуды тастасаң, маған ілесіп тастады деп екеуімізді бірдей қудалап пәле қылады. Оқи бер. Оқудың түбіне сен-ақ жет. Мүмкін кейін дырдай бастықтың бірі болып шығарсың. Сонда маған шапағатың тиер.”



Менің атым Қожа

Жанр: комедия, семейный

Мемлекет : Қазақстан

Шыққан жылы : 1963

Режиссер: Абдолла Қарсақбаев

әңгіме авторы : Бердібек Соқпақбаев

Сценарий: Б. Соқпақбаев, Н. Зелеранский

Сазгер : Нұрғиса Тілендиев

Кейіпкерлерді сомдаған

Қожа - Н. Сегізбаев

Сұлтан - М. Көкенов

Жанар - Г. Қурабаева

Жантас - Е. Құрмашев

Миллат (Қожаның шешесі) - Б. Римова

Рахманов - Қ. Қожабеков

Майқанова - Р. Мухамедьярова

Қожаның әжесі - З. Құрманбаева



МЕНІҢ АТЫМ ҚОЖА

Фильм туралы: Барлық мектепке аты шулы "сотқар" Қожа, бар ынтасын салып, жақсы болуға тырысады. Әкесінен жетім қалған Қожаберген, үйлеріне келіп жүретін, Қаратайдан шешесін қызғанады. Досы, Сұлтан екеуі неше түрлі қызық оқиғаларды бастарынан кешіп, көрермендерді талай рет қуантады. Ауылда беделі жоғары болған Қадырдың баласы, Қожа, әкесінің абыройын "шелектеп" төктім деп уайымдайды. Дегенмен, Қожа - ашық мінезді, арам пиғылы жоқ, ақкөңіл бала.

Кейіпкер туралы әңгімеле?



Бұл қай жерде болып еді?



Кейіпкерлер туралы қандай оқиғаны білесіз?



Қашан,кіммен кездесті?



Бес жолды өлең

Кім? (зат есім) 1сөз

қандай? (сын есім) 2сөз

Қайтті? (етістік) 3сөз

Сөйлем (кім туралы) 4сөз

Қорытынды сөз 5сөз

Топтың атауы Таныстыру	Ролдегі оқушылар 10 ұпайдан	Р А Ф Т 20 ұпайдан	9 жұмбақ Қалаған ұпай саны	Кино кейіпкерлер туралы білетініміз 10 ұпайдан	Сәнқуән 10 ұпайдан	Қорытынды Ұпай саны
1-топ						
2-топ						
3-топ						
4-топ						

Үйге тапсырма:

“Бақытты балалық”

Ой толғау жазу.

Білетінім-----

Білдім-----

Білгім келеді-----